

Әрбір компоненттің шыңының ауданы мм²-пен мына формула бойынша есептеледі:

$$S = h \cdot v \cdot \mu,$$


мұндағы, h – шың биіктігі, мм;

v – шыңның биіктігінің жартысымен өлшенетін, шыңның ені, мм;

μ - шың сигналын жазу масштабы (анализдеу процесіндегі аспаптың сезімталдығын өзгерту кезінде ескеріледі)

2.2.4. Палладийдің фосфинді комплекстері негізіндегі гомогенді катализаторлар қатысында изобутиленді көміртек моноксиді және этанолмен гидроэтерификациялау арқылы этилизовалератты синтездеу әдістемесі

PdCl₂(PPh₃)₂ комплексі қатысында изобутиленді көміртек моноксиді және этанолмен гидроэтерификациялау арқылы этилизовалератты синтездеу



Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:

Изобутилен

Көміртек моноксиді

Этанол

Палладийдің (II) дихлоробис(трифенилфосфині)

Автоклав типті лабораториялық қондырғы

Фракционирлеуге арналған қондырғы [Фаворский колбасы (10мл), термометр, Либих салқындатқышы, өрмекші, қабылдағыш колбалар]

ИРФ-22 рефрактометрi

«Satellite-FTIR» спектрометрi

ГС-хроматограф ЛХМ-72